



Asian-Pacific  
Federation  
of UNESCO Clubs  
and Associations



Kazakhstan  
National Federation  
of UNESCO Clubs

## "MITSUBISHI ASIAN CHILDREN'S ENIKKI FESTA" 2021-2022

халықаралық балалар шығармашылығы фестивалін қолдау

мақсатымен ұйымдастырылған,

«МЕНИҢ БАҚЫТТЫ КҮНІМ» челленджінің

### ЕРЕЖЕСІ

**Ұйымдастырушылар:** Азия-Тынық мұхиты ЮНЕСКО Клубтарының, Орталықтары мен Қауымдастықтарының Федерациясы, Жапондық Ұлттық ЮНЕСКО Қауымдастықтарының Федерациясы, Mitsubishi Corporation қоғаммен байланыс комитеті

**Ұлттық оператор:** Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы

**Жобаның ұзақтығы:** 2021 жылдың 13 наурызы мен 13 сәуір аралығында

#### I. Байқау туралы негізгі ақпарат:

"Mitsubishi Asian Children's Enikki Festa" - халықаралық балалар шығармашылығы фестивалі. Бұл жоба 1990 жылдан бастап екі жылдық негізде Азия-Тынық мұхиты ЮНЕСКО Клубтарының, Орталықтары мен Қауымдастықтарының Федерациясы, Жапондық Ұлттық ЮНЕСКО Қауымдастықтарының Федерациясы бастамасымен жүзеге асырылып келеді. Жоба кез келген балаға қатысып, өз талантын паш етуге мүмкіндік береді. Жобаның басты ерекшеліктерінің бірі ретінде әртүрлі әлеуметтік топтардағы алаларды қамтып, тегін ұйымдастырылатынын атап өтуге болады.

Фестивальдің тарихи шеңберінде Азияның 24 елінен 750 000-ға жуық балаларды қамтып, қатысушылардың өмірінен 5 бақытты күндер туралы суреттерімен, қызықты шығармаларымен бөлісті.

**Жобаның басты мақсаты** - жапон мәдениетінде үлкен танымалдылыққа ие Enikki-суретті күнделіктері арқылы Азия елдерінің әртүрлі этно-мәдениеттеріндегі балалардың өмірімен танысудың арқасында, ұлтаралық қарым-қатынас этика мен төземділік тәрбиелеу. Байқау негізінен ұлтаралық қатынастарды үйлестіру, этно-мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, Азия халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы білім деңгейін арттыру, сондай-ақ барлық қатысушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және балалар шығармашылығын қолдау мақсатында өткізіледі. Фестиваль жеңімпазы, қалыптасқан дәстүр бойынша, дипломмен және күншығыс елі – Жапонияға, ұмытылмас сапармен марапатталады.

#### II. «Менің бақытты күнім» Challenge:

Бұл "Mitsubishi Asian Children's Enikki Festa" 2021-2022 халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінің кезекті кезеңіне қоғамның назарын аударуға және қолдауға арналған Challenge. Challenge 6 мен 12 жас аралығындағы балаларды қамтып, фестивальдің келесі алдағы кезеңіне қатысуға шақыруды көздейді. Тақырыбы - "Менің бақытты

**күнім".** Бұл тақырыптың таңдалуы бекер емес. Келесі Enikki Festa фестивалінің негізгі тақырыбы - "Бұл менің өмірім". Фестивальге қатысу үшін балалр 5 бақытты күннің суретімен бөлісуі керек. Бұл челлендж алдағы фестивальге дайындық ретінде қабылдануы керек. Челленджге арналған суреттер қатысушының өмірінің ең бақытты күндерінің бірінде не істегендігі, көргендігі немесе ойлағандығы, есте қалған сәттердің бірін және жүзіне күлкі мен жанына жылулық сыйлайтын сәттердің көрінісі болуы керек.

### **III. Қатысушылар:**

Челленджге Қазақстан Республикасында тұратын 6 жастан 12 жасқа дейінгі барлық қатысқысы келетін балалар қатыса алады. "Менің бақытты күнім" челленджіне 1000 адам қатысады деп күтілуде.

### **IV. Қатысу шарттары:**

Тек 2 қадам орындау керек:

**Қадам 1.** "Менің бақытты күнім" тақырыбына сурет салыңыз. Қатысушы өмірінің кез келген сәтін таңдай алады. Сурет кез-келген техникада, кез-келген өлшемде салынуы мүмкін.

**Қадам 2.** Қатысушы өміріндегі ең бақытты күн туралы бейне жазып, @unescoclubskz, @EnikkiKZ аккаунттарын белгілеп, #EnikkiKZ тегімен Instagram-ға бейнеролик жүктеуі керек. Бұл бейнеде қатысушы өз суретін қолында ұстап, өзі туралы айтып беріп, суретін сипаттап беруі керек. Видео ұзақтығы 1 минуттан аспауы керек. Бұл жастағы балалардың жеке Instagram парақшасы болмауы мүмкін, сондықтан жұмыстар ата-аналардың, мекемелердің немесе басқа парақшаларда жариялануы мүмкін.

**Қосымша ақпарат 1:** егер әртүрлі себептермен қатысушы өзінің қатысуымен бейне түсіре алмаса, Instagram-да #EnikkiKZ хэштегімен @unescoclubskz, @EnikkiKZ аккаунттарын белгілеп, салған суретінің фотосын жүктеуге (міндетті түрде жақсы сапада) жүктеуге рұқсат беріледі. Постта суреттің қысқаша эссе сипаттамасы және қатысушы туралы ақпарат: аты-жөні, жасы, қаласы (облыс, ауылы) болуы керек.

**Қосымша ақпарат 2:** егер қандай да бір себептермен қатысушы өз жұмысын Instagram-да жариялай алмаса, онда жұмыстарды арнайы сілтеме арқылы жүктеуге болады. Ол үшін де екі қадамды орындау қажет: "Менің бақытты күнім" тақырыбына сурет салып, видео түсіріп немесе сипаттамасын жазып жүктеу қажет. Барлық жұмыстар ұйымдастырушылардың парақшасында #EnikkiKZ хэштегімен жарияланады.

Сауалнама толтыруға арналған сілтеме



[https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfKCV1jA8vLfWdRx23Atl\\_vz3qP2NvMLg9Ewr5uK306BHf5iA/viewform?usp=sf\\_link](https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfKCV1jA8vLfWdRx23Atl_vz3qP2NvMLg9Ewr5uK306BHf5iA/viewform?usp=sf_link)

### **V. Іріктеу шарттары:**

- \* «Менің бақытты күнім» тақырыбына жұмыстың сәйкестігі;
- \* Челлендждің барлық шарттарын орындау;
- \* Жұмыстың көрсетілген жасқа сәйкестігі;

\* Жұмыстың өзіндік ерекшелігі: бала өзінің мәдениетін, күнделікті өмірін, ойлары мен әсерлерін қалай жеткізгендігі;

\* Бейненің және жұмыстың сипаттамасының мазмұндылығы.

## **VI. Өтінімдерді қабылдау мерзімі:**

2021 жылғы 13 наурыздан 13 сәуірге дейін (қоса алғанда).

## **VII. Қорытындылар:**

«Менің бақытты күнім» челленджіне қатысушылардың 500 ең ерекше суреттері мен есте қаларлық бейнелері/сипаттамаларының иелері ұйымдастырушылардан арнайы сыйлықтарға ие болады және "Mitsubishi Asian Children's Enikki Festa" 2021-2022 халықаралық балалар шығармашылығы фестивалінің келесі кезеңіне қатысуға шақырылады.

**#EnikkiKZ** хэштегімен жарияланған барлық жұмыстар **@unescoclubskz** жоба ұйымдастырушысының және **@EnikkiKZ** жобаның Instagram парақшаларында жарияланады.

<https://www.instagram.com/enikkikz/>

<https://instagram.com/unescoclubskz?igshid=z6c9hmshkhar> ұйымдастырушылармен бірге челлендждің барысын бақылауға қосылыңыз.

## **Байланыс үшін ақпарат:**

**Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы**

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы, Абай даңғылы 159, 050046

**Телефондар:** +7 (727) 394 32 32, +7 700 394 32 32

**E-mail:** [kazfuca@gmail.com](mailto:kazfuca@gmail.com) **Instagram:** **@unescoclubskz, @EnikkiKZ**

**Сайт:** <https://unescoclubs.kz/>